

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының  
Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ  
Елек негізгі орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

**Елек ауылы. 19.04.2024ж**

**Али Жұмабаев көшесі, 1А құрылыс**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Елек негізгі орта мектебі» КММ-нің кезектен тыс 2024ж.28.03 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 28.03.2024 жылғы №17 н/к бұйрығының негізінде 01.04-19.04 аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 28.03.2024 жылғы №17 н/к бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізілді.

1	Байғазы Мейірбек Әділбекұлы	Мектеп директорының м.а., комиссия төрағасы
2	Каршигина Гульмира Амангельдиевна	директордың оқу-тәрбиелік жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Досмуханова Дания Нуржановна	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, биология пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Байниязова Айнұр Темуровна	Жаратылыстану-математика әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, математика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Шакиева Кульжан Маграповна	Қоғамдық-гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
6	Утегенова Мира Калаубаевна	мектеп психологы, комиссия мүшесі
7	Каналина Гульзада Мырзахановна	директорының шарушылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілітін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

**1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы**

**Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)**

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ-нің  
Елек негізгі орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
030702, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ақкемер ауылдық округі, Елек ауылы, Али Жұмабаев көшесі, 1А құрылыс

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)  
Телефон: 8(71333) 7-58-59; Электронды пошта: [elek.o.s.h@mail.kz](mailto:elek.o.s.h@mail.kz); Мектеп сайты: <https://elek.mugalzhar.edu.kz/kz/>

## **Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)**

Байғазы Мейірбек Әділбекұлы, «Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылғы 31 қазан №255 бұйрығымен мектеп директорының міндетін атқарушы болып тағайындалған.  
ұялы телефоны: 8777 7727747

### **Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар**

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 13 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 14.01.1998 жыл, БСН - 980140002616. Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №469 қаулысымен бекітілген.

### **Рұқсат етуші құжаттар**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 13.01.2021 жылы №KZ36RVK00035923 берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мекемесі 08.06.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ49LAA0031232 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

## **2.Кадрлық құрамға талдау**

*Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;*

**2021-2022 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2021-2022 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 26 педагог (оның ішінде 1 психолог) жұмыс атқарады. 26 педагог ішінде: «педагог» -8, «педагог-модератор»-7, «педагог-сарапшы»-5, «педагог-зерттеуші»-6. Жоғары санатты (педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші) педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **42,3%**.

**Бастауыш сыныптарда** оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – 7 оның ішінде «педагог» – 2, «педагог-модератор» –1, «педагог-зерттеуші» –4. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам–**57,1%**-ды құрап отыр.

**Негізгі орта білім беру сыныптарында** оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 19. Оның ішінде, «педагог» - 6, «педагог-модератор» –6, «педагог-сарапшы» – 5, «педагог-зерттеуші»–2. Негізгі орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – **37%**-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

**2022-2023 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 26 педагог (оның ішінде, 1 тәлімгер, 1 психолог) жұмыс атқарады. 26 педагог оның ішінде: «педагог» -9, «педагог-модератор»-6, «педагог-сарапшы»-5, «педагог-зерттеуші»-6, Жоғары санатты (педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші) педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **42,3%**.

**Бастауыш сыныптарда** оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – 9. Оның ішінде «педагог» – 4, «педагог-модератор» – 1, «педагог-зерттеуші» – 4. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – **44,4 %**-ды құрап отыр.

**Негізгі орта білім беру сыныптарында** оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 17. Оның ішінде, «педагог» – 5, «педагог-модератор» – 5, «педагог-сарапшы» – 5, «педагог-зерттеуші» – 2. Негізгі орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – **41,2%**-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

**2023-2024 оқу жылы.** “Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2023-2024 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 25 педагог (оның ішінде, 1 тәлімгер, 1 психолог) жұмыс атқарады. 25 педагог оның ішінде: «педагог» -8, «педагог-модератор»-6, «педагог-сарапшы»-5, «педагог-зерттеуші»-6, Жоғары санатты (педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші) педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **44%**. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

2023-2024 оқу жылындағы жағдай бойынша **бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері)** – 7 мұғалім. Оның ішінде – «педагог» - 3, “педагог-модератор” – 1, “педагог-зерттеуші” – 3 мұғалім (3 мұғалімнің 2-еуі жас маман, 1-еуі бала күтімінен шыққан педагог). Сапалық құрам – **43%** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша **шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін - 30%-дан жоғары** болуы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

**Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-9 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - 18.** Оның ішінде – “педагог-зерттеуші” – 3 мұғалім, “педагог-сарапшы” – 5, “педагог-модератор” – 5, «педагог» - 5 мұғалім. Сапалық құрам – **44,4%** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары **бойынша шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін - 35 %-дан жоғары**, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

**Ескерту: 2023 – 2024 оқу жылының** кестелік ақпаратқа мұғалімдер санына педагог - психолог енгізілді. Себебі, «Жаһандық құзыреттілік» пәнінен жүктемелері болғандықтан. «Елек негізгі орта мектебі» КММ-де педагогтер саны – **25**, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер – **18**; қайта даярлау курсынан өткен педагогтер – **1** (А.Е.Тасқынбаева ағылшын тілі пәні мұғалімі); Магистр дәрежесі бойынша **-1** педагог, ал арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – **7**. Сапалық құрам – **72%**

**Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;**

**2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бекітілген бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген.

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. еңбек өтілі	ББҰ басшысының орынбасары лауазымындағы еңбек өтілі (бар болса)	Санаты
Байғазы Мейірбек Әділбекұлы	Мектеп директорының м.а.	8 жыл	8 жыл	4 жыл	«Педагог-сарапшы» №1-273 бұйрық, 12.08.2020ж.

Каршигина Гульмира Амангельдиевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	20 жыл	20 жыл	5 жыл	"Педагог-зерттеуші" №369 бұйрық 11.09.2023ж <b>ББҰ басшы орынбасары:</b> "3 біліктілік" санаты №1-546 бұйрық 24.12.2021ж.
Досмуханова Дания Нуржановна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	14 жыл	14 жыл	10 жыл	"Педагог-модератор" №26/3 бұйрық 29.08.2020ж <b>ББҰ басшы орынбасары:</b> "3 біліктілік" санаты №1-774 бұйрық 29.12.2020ж.

Көрсетілген кестеге сәйкес мектеп басшысының біліктілік санатынан өтпегендігінің себебі, бір мекемеде басшы ретінде еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес аттестаттаудан өткізілмеді.

***кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;***

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатынның деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған.

**2021-2022 оқу жылында** 3 педагог біліктілік санатын алуға өтініші білдірген. Ағымдағы оқу жылы аттестатталуға өтініш берген мұғалімдердің өтініштері қабылданып, аттестатталушы мұғалімдер(тізім бойынша) аттестаттаудың I және II кезеңінен «педагог-сарапшы» - 3 педагог өткізілген. Аттестаттау комиссиясының шешіміне сәйкес «педагог-сарапшы» санатына өтініш білдірген 3 педагог Шакиева К.М. орыс тілі мен әдебиеті, Утегенова М.К. психолог, Байниязова А.Т. математика пәндері бойынша тиісті біліктілік санатын алған.

**2022-2023 оқу жылында** 9 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-модератор» - 4, «педагог-сарапшы» - 2, «педагог-зерттеуші» - 3. Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен 5 педагог оның ішінде «Педагог-модератор» - 3, «педагог-зерттеуші», - 2 тиісті біліктілік санатын алған. 4 педагог біліктілік санатын ала алмаған. Себебі, «педагог-модератор» санатына өтініш берген Бисембаева Л.И. – тесттен тиісті балл алса да, құжаттарды тексеру барысында біліктілік арттыру базалық курсынан өтпеуінен, «педагог-зерттеуші» санатына өтініш білдірген Ибрашева Д.Д. және «педагог-сарапшы» санатына өтініш білдірген Досмуханова Д.Н., Идрисов А.К. біліктілік тестінен тиісті балды жинай алмауы себеп болған.

**2023-2024 оқу жылында** біліктілік санатын алуға өтініш білдіргендер 9 педагог. «Педагог-модератор» санатына өтініш бергендер 5 педагог, «Педагог-сарапшы» санатына өтініш берген 1 педагог, «Педагог-зерттеуші» санатына өтініш бергендер 3 педагог.

***білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе***

*республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;*

**Зерделеу нәтижелері:** 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілген.

Тілді меңгерудің маңыздылығы туралы түсінік бере отырып ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары туралы білімдерін кеңейту, лексикалық минимумды пайдалану арқылы сөйлем құрау, тілдік құзыреттілік қалыптастыру мақсатында «Сөз сыры» курсының нәтижелері бойынша:

**2021-2022 оқу жылында** білім алу барысында да оқушыларымыз көптеген байқауларға қатысып, аудан, облыс көлемінде өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алды. **«Ақберен»** шығармашылық байқауы мәнгерлеп оқу бағыты бойынша II орын, Тұралы Әділ 9 кл. Жетекшісі Кенетаева А.Е.

**«Мемлекеттік Рәміздер ұлттық мақтанышымыз»** атты эссе байқауына 2 оқушы қатысып, нәтижесінде Амангелды Г. 6 кл. Мақтау қағазына, Тұралы Әділ 9 кл. II орынға ие болды. Жетекшісі: Әуес А.Н. **Аудандық кезеңде «Мейірім әлемді құтқарады»** сырттай эссе байқауы, I орын, Мұрат Кәусар 3 кл. **Облыстық кезеңде** III орынға ие болды. Жетекшісі: Кенетаева А.Е.

**Аудандық «Абай оқулары»** ән бағыты бойынша Рахат Лала 8 кл. II орын, жетекшісі А.Қ.Идрисов **Эссе** бағыты бойынша Тұралы Ә. 9 кл. мақтау қағазы, жетекшісі А.Н.Әуес **Өлең шығару** бағыты бойынша 9 кл. Оқушылары Абилгазина Т. пен Құсайынова Ә. Жүлделі II орынға ие болды. Жетекшісі: Кенетаева А.Е.

**Аудандық жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6-класс олимпиадасы** бойынша қазақ тілі пәнінен Рамазан Зейнеп 5 кл. I орынға ие болды. **«Достық» олимпиадасы** Рамазан Зейнеп 5 кл. III орын, жетекшісі: Кенетаева А.Е. **«Кеменгер»** олимпиадасының аудандық кезеңнен жүлделі III орынға қазақ тілі пәнінен Рахат Л. ие болды.

**Республикалық «Bilge Alaman»** сырттай байқауының қазақ тілі пәнінен республикалық кезеңі бойынша Мұрат Аружан жүлделі II орын. Республикалық **«Алтын ұрпақ»** сырттай байқауының республикалық кезеңі қазақ тілі пәні бойынша Рамазан З., Рахат Л. 8 кл, Нұрсахиева Б. 5 кл, Дулат Н. 2 кл. жүлделі I орындарға ие болды.

**«Абай оқулары»** ән бағыты бойынша 8-сынып оқушысы Рахат Л. II орын, **«Абай оқулары» эссе бағыты** бойынша 9-сынып оқушысы Тұралы Ә. Мақтау қағазы, **«Абай оқулары» өлең шығару бағыты** бойынша 9-сынып оқушылары Абилгазина Т., Құсайынова Ә. III орындарды иеленді, жетекшісі: А.Е.Кенетаева. **«Алтын ұрпақ» 2022 байқауында** орыс тілі пәні бойынша I орын иеленгендер: Мұрат А. 5 кл, Құсайынова Ә. 9 кл. жетекшісі: Мамбетжанова С.М.; Қазақстан тарихы пәнінен Нұрсахиева Б. III орын, жетекшісі Әуес А.Н., Қазақстан тарихы пәнінен Кандыба С. III орын, жетекшісі: Шатаева А.А.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен **«Математикалық өлшемдер» курсы** оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда практикалық дағдыларын дамыту мақсатында **«Математикалық сауаттылық - заман талабы»** курстары оқытылды. Аталған курстар білім алушылардың өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алуына мүмкіндік берді. Осы орайда оқушылар математикалық олимпиадалар мен байқауларда көптеген жетістіктерге жетті. **«Алтын сақа» математика олимпиадасының аудандық кезеңінде** 5–сынып оқушылары Мамбетжанов Миржан, Рамазан Зейнеп, Нұрсахиева Бақытгүл, Садыбеков Ибраһим және 6-сынып оқушылары Амангелды Гүлназ, Ерлан Ерасыл I орындарға ие болды, жетекшісі: Сәдуақасов М.Қ. **Республикалық «Алтын ұрпақ» 2022 байқауында** математика пәні бойынша I орын Рамазан З. 5 кл, Кандыба С. 6 кл. I орын, жетекшісі: Байниязова А.; Садыбеков И. 5 кл, Ерлан Е. 6 кл, Рамазан Ш. 7 кл, Рейм Ж. 9 кл. I орындарды иеленді, жетекшісі: Сәдуақасов М.Қ.

«Математикалық логика» және «Қызықты математика» вариативті компонент бойынша оқушылардың танымдық қызығушылығын, функционалдық сауаттылығын арттыруда, логикалық ойлауды қалыптастыруда бастауыш буын оқушылары да математикалық бағыттағы олимпиадалар мен байқауларда көп жетістіктерге жетті. 2,3,4 сынып оқушылары Дулат Н., Мұрат К, Маратұлы Н. «Бастау» олимпиадасына қатысып, III орын иеленді. **Республикалық «Алтын ұрпақ» 2022** байқауында математика пәні бойынша 2-сынып оқушылары Рахат Е., Бердімұрат Н. I орындарға ие болды, жетекшісі: Ибрашева В.Ш.

Оқушылар жаратылыстану бағытында көптеген олимпиада, конкурстарға қатысып, жетістіктерге жетті. **Жалпы пәндер олимпиадасы** (жаратылыстану, математика, информатика) пәндері бойынша аудандық кезеңде 5-сынып оқушылары Рамазан Зейнеп I орын, облыстық кезеңде информатика пәнінен II орын, жаратылыстану пәнінен III орын, Мамбетжанов М. аудандық кезең III орын, облыстық кезең жаратылыстану пәнінен мақтау қағазы, 6-сынып оқушылары Ерасыл Е. II орын, Амангелды Г. мақтау қағазымен марапатталды. **Республикалық «Алтын ұрпақ» 2022** байқауында информатика пәні бойынша Мамбетжанов М. 5кл, жетекшісі: Каршигин А.М.; биология пәні бойынша Абдулғазис Д. 7кл, Утегенова С.9кл, жетекшісі: Досмуханова Д.Н. Химия пәні бойынша Тұралы Ә. 9кл.. I дәрежелі дипломмен марапатталды, жетекшісі: Идрисова Ә.М

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейіндеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз етеу мақсатында жүргізіліп жатқан вариативтік компонент сағаттарының оқытылуы бойынша оқушылар көптеген жетістіктерге жетті.

**Республикалық «Зерде» ғылыми-жобалар** байқауының аудандық кезеңінде Мазур К. 4кл. I орынды иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алды, жетекшісі: Ефимова Н.В. Республикалық **«Зерде» ғылыми жобалар байқауының** аудандық кезеңінде 3кл.оқушысы Дулат Н. I орын иеленіп, облыстық кезеңге өтті. **Облыстық кезеңде** II орынды иеленді, жетекшісі: Ибрашева Д.Д.

Қоршаған орта мен табиғат, жергілікті жердің экологиясы мен өсімдіктерін, жануарларын, Қазақстанда қалыптасып отырған экологиялық жағдайлар мен оларды шешудің оңтайлы жолдарын жан-жақты қарастыру негізінде ұрпаққа үздіксіз экологиялық білім беру мен тәрбие беру мақсатында жүргізіліп жатқан **«Экология» курсының** оқытылуы оқушылардың көптеген жетістіктерге жетуіне жол ашты. **Облыстық «PROECO» жобасына** Рамазан З. 5кл. қатысып, жүлделі I орынды иеленді, жетекшісі: Идрисова Ә.М.

**«Аламан» олимпиадасына география пәнінен** 9-сынып оқушысы Құсайынова Ә. I орын, жетекшісі: Бекимова Г.О. және Утегенова С. биология пәнінен I орын, жетекшісі: Досмуханова Д.Н. **Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6-класс олимпиадасы** аудандық кезеңі жаратылыстану пәнінен Мұрат А. II орын, жетекшісі: Бекимова Г.О.

**Облыстық «Әл Фараби» жобалар байқауының аудандық кезеңі** Тұралы Әділ I орын, жетекшісі: Идрисов А.К., Абилгазина Томирис I орын иеленіп, облыстық кезеңге өткен. **Облыстық кезеңде** II орын иеленді, жетекшісі: Шатаева А.А.

2021 – 2022 жж оқушыларға ынтымақтық тірегі, руханияттың күзетшісі болатын театр өнері арқылы эстетикалық сезімдерін және оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру мақсатында **«Балалар және театр» жобасы** аясында **Әбіш оқулары аудандық кезеңі, Ә.Кекілбаевтың шығармаларынан сахналық қойылым** байқауында II орын иеленгендер: 9 кл. оқушылары Абилгазина Т., Тұралы Ә., Жуканов Д., Рейм Ж., Құсайынова Ә. және аудандық кезең **Ә.Кекілбаевтың шығармаларынан иллюстрациялық сурет салу** номинациясы бойынша Алпысбай А. III орынға ие болды, жетекшісі: Кенетаева А.Е.

«Русский медвежонок-2021» халықаралық интеллектуалдық марафонында 9-сынып оқушылары Ә.Тұралы, Т.Абилгазина І орын иеленді. **Халықаралық ашық байқау «BestStarsXXII»** 2-сынып оқушылары Н.Дулат, А.Умурзакова, Е.Рахат І орын.

**2022-2023 оқу жылында** оқу барысында оқушыларымыз аудандық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып, көп жетістікке жетті. Математиканың әлемдегі ролін анықтау және түсіну, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуді қалыптастыру мақсатында 4-сыныптарда оқытылған **«Математикалық сауаттылық» курсының** және 2-3 сыныптарда оқытылған **«Жас математик» курсының** нәтижесі бойынша 4-сынып оқушыларынан құралған «Жігер» командасы **«Кішкентай білгірлер»** интеллектуалдық командалық олимпиадасының аудандық кезеңінде ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды, жетекшісі: Жумағалиева С.О. **«Математика - ғажайып әлем» байқауының** аудандық кезеңі математика пәнінен Дулат Н. 3кл. ІІ орын, Мұрат К. 4кл. ІІІ орын иеленді, жетекшісі: Ибрашева В.Ш. 1-сыныпта оқытылған **«Сиқырлы сандар» курсының** нәтижесі бойынша 1-сынып оқушылары Амангелді М. **«Абай» олимпиадасының** аудандық кезеңінде математика пәнінен І орынға, Зейнелғабиден А. ІІ орынға ие болды, жетекшісі: Изтилеуов Т.Т. Бастауыш буын оқушылар адамгершілікке, мейірімділікке, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелейтін байқауларға үнемі қатысады. Аудандық кезең **«Мейірім әлемді құтқарады» байқауының** «Мейірімді істер» номинациясы бойынша І дәрежелі диплом Дулан Н. 3кл., ІІ дәрежелі диплом Рахат Е.3кл. жетекшісі: Ибрашева Д.Д. ІІ дәрежелі диплом Цвиклевич В.1кл. жетекшісі: Жумабаева Г.А.

Облыстық **«Тарихи шежірем. Менің тегімнің тарихы» байқауы** аудандық кезеңі Рамазан З.6кл. І орын, облыстық кезеңі мақтау қағазымен марапатталды, жетекшісі: Бисембаева Л.И. «Абай олимпиадасы» аудандық кезең. Қазақстан тарихы пәнінен Рамазан З.6кл. І орын, Амангелды Г. 7кл ІІ орын

Аудандық **«Жас Әуезовтанушылар» атты ғылыми-зерттеу жоба байқауында** Рахат Л.9кл. ІІ орын иеленсе, **«Ақберен» байқауының** аудандық кезеңінде мақтау қағазына ие болды, жетекшісі:Кенетаева А.Е.

Аудандық кезең «Абай» олимпиадасы қазақ тілі пәні бойынша Амангелды Г.7кл. ІІ орын, жетекшісі: Шакиева К.М., Ерлан А.5кл., жетекшісі: Каршигина Г.М., Мұрат А.6кл. жетекшісі: Кенетаева А.Е. «Абай олимпиадасы» аудандық кезең Амангелды Г. 7кл. Қазақстан тарихы, ағылшын тілі пәндері бойынша ІІ орын иеленді.

Аудандық кезең **«Жалпы пәндер бойынша 5-6 сыныптар олимпиадасы»** математика пәнінен Кравцова А.5кл. І орын, жаратылыстану пәнінен Маратұлы Н.5кл ІІ орын, Қазақстан тарихы пәнінен Жақсылық А.5кл. мақтау қағазы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Рамазан З. ІІ орын.

Аудандық кезең **«Жалпы пәндер бойынша 7-8 сыныптар олимпиадасы»** биология пәнінен Амангелды Г. 7кл. ІІІ орын, жетекшісі: Досмуханова Д.Н.

Аудандық кезең **«Жалпы білім беретін пәндер 9-сыныптар олимпиадасы»** география пәнінен Амангелді И. 9кл. мақтау қағазы, жетекшісі: Бекимова Г.О.

Аудандық Ғ.О.Сұлтановқа арналған математикалық олимпиада Рамазан Ш. 8кл. мақтау қағазы.

**5-6-класс кешенді олимпиада аудандық кезеңіне** Рамазан З. және Мамбетжанов М. бкл. математика, ағылшын тілі, қазақ тілі мен әдебиеті, жаратылыстану, информатика пәндері бойынша қатысып, жүлделі І орынды иеленіп, облыстық кезеңге өтті. **Облыстық кезеңінде** 6-класс оқушылары Рамазан З., ағылшын тілі пәні бойынша жүлделі ІІ орын, Мамбетжанов М. ағылшын тілі және қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша ІІ орын иеленді.

Оқушыларымыз шығармашылық байқауларға да қатысып, жеңімпаз болды. Аудандық **«Жаңа жылдық ойыншық» байқауы** Ерлан А.5кл. І орын және **«Жаңа жылдық шырша-2023» байқауы** Тоқсанбай Н. 8кл. І орын, жетекшісі: Ибрашева В.Ш. Аудандық **патриоттық ән байқауы** Мұрат А. бкл. алғыс хат, Аудандық **«Әнші дауысы» байқауы** Мұрат А.6кл. ІІ орын, Рахат Л.9кл. мақтау қағазы, жетекшісі: Идрисов А.К.

Облыстық «**Ұлттық салт дәстүр және әдет ғұрыптар: кеше, бүгін, ертең Ата салтын сақтайық**» суреттер байқауы аудандық кезеңі Амангелды Г.7кл. I орын, облыстық кезең III орын, жетекшісі: Каршигина Г.А. «**Ұлттық салт дәстүр және әдет ғұрыптар: кеше, бүгін, ертең Ата салтын сақтайық**» суреттер байқауы аудандық кезеңі Зейнелгабиден А. 1кл. I орын, жетекшісі: Мухамметова Ж.Н., Амангелді М. 1кл. II орын, Куочкин З. 2кл. III орын, жетекшісі: Ефимова Н.В.

Облыстық «**Адамдық диханшысы**» атты танымдық-шығармашылық фестивалі аудандық кезеңі Нұрсахиева Б.6кл. мақтау қағазы, жетекшісі: Кенетаева А.Е.

Гуманитарлық пәндер бойынша оқушылар көптеген жетістіктерге жетті. Аудандық кезең «**Тәуелсіздік тәу етер жалғыз кием**» көркем сөз оқу байқауы Дулат Н.3кл. I орын, Умурзакова А. 3кл. II орын, жетекшісі: Ибрашева Д.Д. Аудандық А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «**Адамдық диханшысы**» атты «**Ахмет оқулары**» мәнерлеп оқу Нұрсахиева Б.6кл. мақтау қағазы, Сәңкібай Г, Жақсылық Б, Амангелды Г. II орын, жетекшісі: Шакиева К.М. «**Ә.Кекілбаев оқулары**» аудандық кезең Рахат Л.9кл. III орын, жетекшісі: Кенетаева А.Е. «**Абай**» олимпиадасының облыстық кезең нәтижесі: Қазақ тілі пәнінен Дулат Н.3кл. I орын, Мұрат К.4кл. I орын, Ерлан А.5кл. II орын, Мұрат А.6кл. II орын, Амангелды Г.7кл. II орын; Қазақстан тарихы пәнінен Амангелды Г.7кл. I орын, Рамазан З.6кл. I орын, Кравцова А.5кл. II орын. **Республикалық «BILGEN BAIGE»** байқауы қазақ тілі бойынша Мұрат К.4кл. II орын, жетекшісі: Жумағалиева С.О.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша жетістіктер: «**Абай**» олимпиадасының облыстық кезең нәтижесі математика пәнінен Кравцова А. 5кл. I орын, биология пәнінен Балымов С.7кл. I орын, Кәдірбек А.7кл. I орын; География пәнінен Кәдірбек А. 7кл. I орын.

«**Абай**» олимпиадасының Республикалық кезең нәтижесі математика пәнінен Кравцова А. 5кл. I орын, жетекшісі: Байниязова А.

**Республикалық «BILGEN ALAMAN»** олимпиадасы биология пәнінен Амангелды Г.7кл. сертификат, жетекшісі: Досмуханова Д.Н.

**Республикалық «BILGEN ALAMAN»** олимпиадасының облыстық кезеңі математика пәнінен Мазур К. 5кл. I орын, жетекшісі: Байниязова А.

**2023-2024 оқу жылында «Мейірім әлемді құтқарады»** байқауының эссе бағыты Дулат Н. 4кл. I орын, облыстық кезеңге жолдама. Облыстық кезеңде сертификат иеленді, жетекшісі: Кушербаева А.А. Сурет бағыты бойынша Жарков В. 3кл. Мақтау қағазы, жетекшісі: Ефимова Н.В.

Оқушыларға математикалық білім, білік дағдыларын игеру, шығармашылық қабілеттерін арттыруғ зейінін, есте сақтау, байқағыштық, қиялдау, өздігінен білім алуға ізденуге бейімдеу, логикалық ойларын дамыту, шапшаң есептеуге үйрету мақсатында оқытылатын «**Математика және логика**» курсының нәтижесі бойынша оқушылар жетістіктерге жетіп жүр. «**Алтын сақа**» математикалық олимпиадасы аудандық кезең жеңімпазы I орын Дулат Н. 4кл. облыстық кезеңге жолдама. жетекшісі: Ибрашева В.Ш. **Облыстық «Smart оқушы» байқауы математика пәні** бойынша Амангелді М. 2кл. және Маратқызы Ж. 3кл. II орын иегерлері, жетекшісі: Коскулова А.С., Дулат Н. 4кл. және Алпысбай М. 4кл. I орын иегерлері, Рахат Е. 4кл. II орын, Умурзакова А. 4 кл. Сертификат иеленді, жетекшісі: Ибрашева В.Ш.

2023-2024 оқу жылында оқушылар жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша көптеген жетістіктерге қол жеткізді. **Облыстық «Аламан» олимпиадасының аудандық кезеңі** Рамазан Ш. 9кл. физика пәнінен II орын иеленіп, облыстық кезеңге өтіп, сертификатқа ие болды, жетекшісі: Ермағанбетов Н.А. **Аудандық Ғ.Сұлтанов олимпиадасы** математика пәнінен Кәдірбек А.8кл. I орын, жетекшісі: Сәдуақасов М.Қ. «**Алтын сақа**» олимпиадасы аудандық кезең математика пәнінен Қанат С.5кл. мақтау қағазы, жетекшісі: Байниязова А.Т.

5-6 сынып оқушылары арасында өткен **аудандық «Достық -2024» кешенді олимпиадасы** қазақ тілі, математика, Қазақстан тарихы пәндері бойынша Мұрат К. 5кл. III дәрежелі дипломмен марапатталды.



**Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы 5-6 класс аудандық кезең** математика пәнінен Мұрат К.5кл. III орын, жетекшісі: Байниязова А.Т. Маратұлы Н.6кл. мақтау қағазы, жетекшісі: Сәдуақасов М.Қ. Жаратылыстану пәнінен Рахметулла Х.6кл. мақтау қағазы, жетекшісі: Байғазы Ә.А.

**Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы 7-8 класс аудандық кезең** математика пәнінен Ерлан Е. 8кл.III орын, Мамбетжанов М. 7кл. мақтау қағазы, жетекшісі: Сәдуақасов М.Қ. Физика пәнінен Садыбеков И. 7кл.III орын, Кәдірбек А. 8кл. III орын, жетекшісі: Байниязова А.Т.

Гуманитарлық пәндер бойынша жетістіктер: Облыстық «С.Бейбарыс туғанына 800 жыл толуына» орай олимпиаданың аудандық кезеңі тарих пәні бойынша Рамазан З. 7кл. I орын иеленіп, облыстық кезеңге өтті. **Облыстық кезеңде** мақтау қағазына ие болды, жетекшісі: Бисембаева Л.И. **Ауыл мектептеріне арналған жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының** аудандық кезеңі орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша Мазур Г. 9кл. I орын иеленіп, облыстық кезеңге өтті. **Облыстық кезеңде** II орын иеленді, жетекшісі: Мамбетжанова С.М.

**Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы 5-6 класс аудандық кезең** қазақ тілі мен әдебиеті пәні Рахат А. 5кл.III орын, жетекшісі:Кенетаева А.Е., Қанат С.5кл. ағылшын пәнінен III орын, жетекшісі:Кәлменова А.Е, Мазур К. 6кл. орыс тілі мен әдебиеті пәнінен II орын, жетекшісі: Мамбетжанова С.М. Тоқсанбай К. 5кл. Қазақстан тарихы пәнінен мақтау қағазы, жетекшісі: Бисембаева Л.И.

**Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы 7-8 класс аудандық кезең** Рамазан З. 7кл. қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен III орын, жетекшісі:Кенетаева А.Е., Мұрат А.7кл. орыс тілі мен әдебиеті пәнінен II орын, жетекшісі: Мамбетжанова С.М.

Аудандық кезең «**Абай оқулары**» «**Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы**» номинациясы бойынша Изтилеуова Г.8кл. II орын және «**Көңілім әнді ұғады**» номинациясы бойынша Амангелды Г.8кл. III орын, жетекшісі: Шакиева К.М.

**Республикалық Мағжан оқулары (сырттай) байқауының** нәтижесі бойынша 4-сынып оқушылары Дулат Н. және Умурзакова А. I орын иегерлері, жетекшісі: Ибрашева В.III. 7-сынып оқушысы Нұрсахиева Б. I орын, жетекшісі: Кенетаева А.Е., 8-сынып оқушылары Ерлан Е., Амангелды Г., Сәңкібай Г., Кереев С. жүлделі I орындарды иеленді, жетекшісі: Шакиева К.М.

#### **2021-2022 жылдардағы «ОЙДАРИЯ» дебаттық клубтың жетістіктері:**

2021-2022 оқу жылында «Ойдария» дебат клубының жоспары жасалып, жоспар бойынша іс-шаралар өткізілген. Жаңа оқу жылына дебаттық клубы мүшелерін анықтау үшін жоғары сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілген. 2021 жылы аудандық «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» атты пікірсайыс турнирінде белсенділік танытқаны үшін Тобаниязова Жанат, Тұралы Әділ дипломмен марапатталды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесіне арналған аудандық «Пікірсайыс» турниріне 9-сынып оқушылары Ә.Тұралы мен Т.Абилгазина қатысып, «Алғыс хатқа ие болған және «Үздік ойыншы» номинациясы бойынша марапатталған.

#### **2022 – 2023 оқу жылдарындағы «ОЙДАРИЯ» дебаттық клубтың жетістіктері:**

2022-2023 оқу жылында «Ұшқыр ой алаңы» мәдени-білім беру жобасы аясында «Ел болашағы жастардың қолында» атты 8-9 сынып оқушылары арасында аудандық пікірсайыста «Ойдария» фракциясы «Үздік делегация» номинациясымен марапатталды. Ұлттық пікірсайыс турнирі Алғыс хат. «Ұшқыр ой алаңын ұйымдастыру тәсілдері» семинар – практикум Алғыс хат.

#### **2023 – 2024 оқу жылдарындағы «ОЙДАРИЯ» дебаттық клубтың жетістіктері:**

-«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында 7-8 сынып оқушылары арасында өткізілген «Жаңа Қазақстан – Екінші Республика: Жастар жарқын өмірді қалайды» тақырыбындағы аудандық турнир А.Кәдірбек, С.Кереев мақтау қағазымен марапатталды.

**2021– 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарындағы Интеллектуалдық ойын-сайыстарға қатысу көрсеткіштері:**

Оқу жылы	Ақбота		Кенгуру		Русский медвежонок		Пони	
	қатысты	орын алды	қатысты	орын алды	Қатысты	орын алды	қатысты	орын алды
2021 - 22	8	8	6	4	4	3	4	2
2022 – 23	10	7	4	4	3	3	5	5
2023– 24	8	6	7	5			9	6

**«Кішкентай білгірлер» интеллектуалдық командалық олимпиадасына қатысу көрсеткіші:**

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1орын	2орын	Зорын	1орын	2орын	Зорын	1орын	2орын	Зорын
2021-2022	Команда 3оқушы		2							
2022-203	Команда 3оқушы			1						

2023 жыл қараша айында мектебімізде гуманитарлық және жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық пәндік олимпиаданың мектепішілік кезеңі өтті.

Мақсаты: оқушылардың оқу танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылықтарын дамыту, оқушыларды аудандық және облыстық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау. Олимпиадаға 7-8 сынып оқушылары қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы және математика, информатика, физика, химия, биология және география пәндерінен барлығы – 11 білім алушы қатысты. Оның ішінде әр пәннен қатысқан оқушы санына тоқталар болсақ:

- Қазақстан тарихы – 2
- Математика - 2
- Биология - 2
- Қазақ тілі мен әдебиеті -2
- Физика – 2
- География – 1 білім алушы қатысты.

Мектепішілік кезең бойынша аудандық кезеңге әр сыныптан жүлделі I орын алған оқушылар ұсынылды. Аталған пәндерден аудандық кезеңге барлығы 5 білім алушы қатысты. Мектепішілік кезең бойынша әр пәннен жүлделі 1, 2, 3 орын алған білім алушылар мектеп директорының Алғыс хатымен марапатталды.

2023-2024 оқу жылында аудандық кезеңнен жүлделі орынға ие болған білім алушылар: Кәдірбек Аяулым, Рамазан Зейнеп, Кереев Сапарали, Ерлан Ерасыл.

**Жалпы қорытындылай келе:**

Олимпиада мен конкурстар түрлері	Аудандық	Облыстық	Республикалық Халықаралық
Пәндік олимпиадалар мен білім байқаулары	16	9	-
Ғылыми және шығармашылық жобалар байқауы	8	5	3
Қашықтық форматтағы байқаулар	52	43	-
Интеллектуалдық конкурстар	15	7	3

**Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.**

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

**2021-2022 оқу жылында** Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта Елек негізгі орта мектебінің 2021-2022 оқу жылына біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Жоспар негізінде соңғы 2016 жылы курстан өткен педагогтердің және 2021-2022 оқу жылында аттестацилаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курсынан өткізілген.

2021-2022 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

Шатаева А.А., Коскулова А.С., Мұстафина Г.Н., Каршигин А.М., Сәдуақасов М.Қ., Сайым М.Ж., Әуес А.Н., Амангелді Ж.Е. – аталған педагогтер жас маман болуларына байланысты 5 жыл еңбек өтілі болмағандықтан біліктілікті арттыру курсынан өту міндетті емес екендігі мәлім.

**2022-2023 оқу жылына арналған жоспарға сәйкес педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.**

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Инклюзив бойынша	Педагогтердің ІТ құзыреттілігін арттыру
2021-2022 о.ж	26	6	2	26
2022-2023 о.ж	26	4	1	25
2023-2024 о.ж	25	6		23

Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагог саны – 3 Оның ішінде екеуі жас маман – Т.Т.Изтилеуов, А.С.Шакиева. 1 педагог – А.Е.Кәлменова Ырғыз ауданынан Елек негізгі орта мектебіне 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жұмысқа орналасты, осы мектепте жұмыс жасағанына бір жыл толмауына байланысты курстан өтпеді.

**2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы** басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша.

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі орынбасарлары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2021-2022	М.Ә.Байғазы «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында»	Г.А.Каршигина "Шағын жинақталған мектептерде"	Д.Н.Досмуханова «Интегративный подход в организации»

	білім беру ұйымдарының педагогикалық менеджменті» 27.07-07.08.2020ж. №0341286	біріктірілген сынып комплектілерінде пәндерді оқыту әдістемесі" 80 сағат 18.05-29.05.2020ж. №0339964	учебно-воспитательного процесса малокомплектной школы в условиях обновления содержания образования» №0340558 08.06 - 19.06.2020 жыл 80 сағат
2022-2023 оқу жылы	«Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» 16.06.2023ж №026816	-	Д.Н.Досмуханова «Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент» 80 сағаттық курс 12.09-23.09.2022ж. №0534332
2023-2024 оқу жылы	М.Ә.Байғазы « Шағын жинақталған мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер» 04.09-15.09.2023ж. №0642248	Г.А.Каршигина « Шағын жинақталған мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер» 80 сағат 04.09-15.09.2023ж. №0642260  «Білім берудегі менеджмент» 80сағат 11.03-20.03.2024ж. №0754940	

### 3.Білім алушылар контингенті. Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;

№	Контингенттің құрылымы	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
		жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны
1	Елек негізгі орта мектебі	1	1	1	1	-	-

«Елек негізгі орта мектебі» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын,оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірі уақытылы берілген.

ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыға берілген ұсыныстар негізінде білім алған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70- тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2- қосымшсында сыныптағы балалар саны -сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы Елек негізгі орта мектебінде 2021-2022 оқу жылында мектепте 1-9 кластар бойынша 15 класс жиынтығында 66 білім алушы оқыды. 2022-2023 оқу жылында 1-9 кластарда 16 класс жиынтығында 69 білім алушы оқыды. 2023-2024 оқу жылында 13 класс комплектіде 59 білім алушылар контингентін құрады. Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

**Елек негізгі орта мектебі бойынша  
2021-2024 оқу жылы аралығында контингент қозғалысы**

Оқу жылдары бойынша	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		Оқушы саны
	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	
2021-2022	8	13	4	6	4	7	66
2022-2023	15	11	6	4	9	7	69
2023-2024	4	6	3	3	1	3	59

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

**4. Оқу-әдістемелік жұмыс**

***Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар: - білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;***

**Зерделеу барысында:**

**2021 - 2022 оқу жылында** «Елек негізгі орта мектебінде» КММ контингент 1-9 сыныпта 15 класс жиынтығында – 66 оқушыға білім берілген. 2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182), (28.08. 2020 № 372) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 23 тамыздағы №415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 1-4 кластар үшін 1, 2 қосымшалары, 5-9 кластар үшін 6, 7 қосымшалары бойынша сыныптарына арналған (жаңартылған мазмұнның) оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және кәсіподақ ұйымының төрайымы келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған. 2021-2022 оқу жылында 1-9 сыныптардың барлығы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алады. 2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беруге 151 сағат, негізгі орта білім беруге 307 сағат барлығы 448 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

*Білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппенің қайта оқытылуы болды. Сонымен бірге мұғалімдердің жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа*

қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. *2021-2022 оқу жылының басты міндеті* – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру болатын.

**Сабақ кестесі:** Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған. 1-сыныпта әдістемелік нұсқау хаты негізінде (8 бет) бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ өткізілді.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «*kyndelik kz*» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі вариативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

**2022-2023 оқу жылында** контингент 1-9 сыныпта 16 класс жиынтығында – 69 оқушыға білім берілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30.09 №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулермен мен толықтырулар) бекітілген бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалған. 1-4-сыныптар үшін (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 - қосымша, оқыту орыс тілінде жүргізілетін 2 – қосымша); (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, 5-9 сыныптар үшін оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6 - қосымша, оқыту орыс тілінде жүргізілетін 7 – қосымша); 2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 140 сағат, негізгі орта білім беруге 315 сағат, барлығы 455 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

**Сабақ кестесі:** Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған. 1-сыныпта әдістемелік нұсқау хаты негізінде (15 бет) бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ өткізілді.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «*kyndelik kz*» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі вариативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

**2023 - 2024 оқу жылында** контингент 1-9 сыныпта 13 класс жиынтығында – 59 оқушы білім алуда.

2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ( ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, 23.09.2022 жылғы №406 енгізілген өзгертерімен)

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жжалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 08.11.2012ж. №500 бұйрығы, 18.08.2023ж. №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 1-4-сыныптар үшін (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 - қосымша, оқыту орыс тілінде жүргізілетін 2 – қосымша);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы (5-9 сыныптар үшін оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6 - қосымша, оқыту орыс тілінде жүргізілетін 7 – қосымша);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен вариативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы, 21.11.2022 жылғы бұйрық №467, 05.07.2023 жылғы №199 бұйрығымен енгізілген өзгертерімен);

**2023-2024 оқу жылында** бастауыш білім беруге 134,5 сағат, негізгі орта білім беруге 276,5 сағат, барлығы 411 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

2023-2024 оқу жылы оқу мерзімінің 34 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

***Жалпы қорытынды:*** Жалпы 2021-2024 жылдары аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып кәсіподақ ұйымы төрайымы және ата-аналар комитетінің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «**Bilimclass.kz**» пайдалану арқылы жасалған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және вариативтік сабақтар үшін жасалған. Вариативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

***жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;***

**2021-2022 оқу жылында.** 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген) мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» басшылыққа алынған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 5 мамырдағы №199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары («Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 2018 жылғы 17 қазандағы №576 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жүзеге асырылған.

5-9 сыныптарда білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 1, 2-қосымшалары);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 науырыздағы № 105 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жүзеге асырылған.

**Талдау нәтижесі:** Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған.

Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

**2021-2022 оқу жылында** 1-4 сыныптардың білім алушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылған. Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсатына сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын, мұғалімнің күнтізбелік-тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары сәйкестігі тексеріліп, сынып журналына түсірілуін, сағат санының дұрыс болуы зерделенген. Бақылау барысында сабақтары талданған, сабақ берудегі артықшылықтары мен кемшіліктері айтылған.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, [kundelik.kz](http://kundelik.kz) журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. [Kundelik.kz](http://Kundelik.kz) журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған. 2021-2022 оқу жылында 5-9-сыныптарда оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) негізінде жүзеге асырылған.

**2022-2023 оқу жылы бойынша.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің тандау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары **kundelik.kz-te** толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген. Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен



сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар «kundelik.kz» -те толтырылған.

**-білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады. ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұра-сында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрби же жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2023-2024 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ –нің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №398 бұйрығымен, Мұғалжар аудандық білім бөлімінің 2023 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1-766/1 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі және 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспардың толыққанды жүзеге асырылуы қамтамасыз етілді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығының күші жойылды.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жалпыадамзаттық және құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. [elek\\_n.o.m](#) инстаграм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Ұлағат» әкелер мектеп клубы, «Сырғалым» аналар клубы құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Ұлағат» ер балалар клубы,

«Инабат» қыз балалар клубы, «Жас сарбаз» патриоттық клубы, рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты «Наркобекет» тобы, «Тәртіп сақшылары» жас жол қозғалыс инспекторлар тобы құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында “Мектеп парламенті” білім алушылардың өзін - өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2022 жылдың 15 қыркүйек күні, 2023 жылдың 23 қазан күні мектеп парламентінің сайлауы болып мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген. **Мектептің өзін-өзі басқаруы» ұйымы** бойынша мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген.

**2021-2022 оқу жылына**да мектеп парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен «Салауатты өмір салтын ұстан!» спорттық сайыс, экология және еңбек фракциясының ұйымдастыруымен «Екінші өмір сыйла» акциясы, құқық және тәртіп фракциясының ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» челленджіне орай бейнероликтер түсіру, мәдениет және өнер фракциясының ұйымдастыруымен «Отбасы – бақыт мекені» сурет байқауы өткізілген

**2022-2023 оқу жылында** мәдениет және өнер фракциясының ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» сурет байқауы, алғыс айту күніне орай қамқорлық фракциясының ұйымдастыруымен «Алғыс айту адамзаттың асыл қасиеті» шарасы, «Жомарт жүрек» акциясы ұйымдастырылған. 2023-2024 оқу жылында Қарттар күніне орай ардагер ұстаз Назаренко Людмила Дмитриевнаны мерекесімен құттықтап, жалғызбасты қартымызға көмек көрсетілді. Ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта!» челленджі, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Ұстаз-ұлы тұлға» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Шара барысында оқушылар ұстаздарды мерекесімен құттықтап, мерекелік концерт ұйымдастырды. Шара барысында бірқатар ұстаздар марапатталды. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар беріліп, марапаттар табысталды. Мәдениет және өнер фракциясының ұйымдастыруымен «Күз Ханзадасы мен Ханшайымы» күзгі балл, экология және еңбек фракциясының ұйымдастыруымен «Тазару күні» мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жүргізу, 7 мамыры Отан қорғаушылар күніне орай «Жігіт сұлтаны - 2024» байқауы өткізілді. Мектеп алды даярлық топтары, бастауыш сынып білім алушыларына және жоғары сынып білім алушыларына арналған “Қош келдің, Жаңа жыл - 2024!” атты жаңа жылдық шара ұйымдастырды.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылды. 2-9 сыныптар аралығында 2021-2022 оқу жылында – 59 оқушы, 2022-2023 оқу жылында - 53 оқушы, 3-9 сыныптар аралығында 2023-2024 оқу жылында – 52 оқушы «Жас Ұлан» қатарында. Мектебімізде балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде 2021-2022 оқу жылы аға тәлімгері А.Н.Әуес, 2022-2023 оқу жылынан бастап мектеп аға тәлімгері Т.Т.Изтилеуов, 2023-2024 оқу жылынан бастап мектеп аға тәлімгері А.С.Шакиева тағайындалған. «Жас ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының ақпараттары жинақталып, инстаграм желісіне жарияланған. Жас Ұлан ұйымының апталық, айлық, жылдық жоспарлары, 7 бағытқа арналған папкалар, ұсыныс дәптерлері бар. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының туы, стендісі, Гимні бар. 2021-2022 оқу жылында мектеп жанынан құрылған еріктілер клубы «Қаһарман» қоғамдық бірлестігі төрағасының ұйымдастырған қайырымдылық акциясына белсене қатысып, Алғыс хатпен марапатталған.

### "Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы

Жылдар	Жас қыран	Жас Ұлан
2021-2022 оқу жылы	20	39
2022-2023 оқу жылы	21	32
2023-2024 оқу жылы	11	41

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша *мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдау қызметі* бойынша 1- педагог - психолог және 2023-2024 оқу жылынан бастап, 1- әлеуметтік-педагог (әлеуметтік-педагог 0,5 бірлік қаңтар айынан бастап ашылды) қызмет атқарады. Білім алушы, ата – ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым -қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты,білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі мектептің төменгі бірінші қабатында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобилдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған.

Мектептің әлеуметтік төл құжаты бойынша 2021-2022 оқу жылында Отбасы саны болған. Көпбалалы отбасы -11, балалары -27, толық емес отбасы саны -2, оның ішінде әкесі қайтыс болған –2, анасы қайтыс болған – 0, ажырасқаны –0, аз қамтылған отбасы –0, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 0, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 0, өгей әкемен бірге тұратын – 0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 0, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, мүгедек оқушы – 1, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде, мектепшілік есепте тұрғандар -0, мектепшілік есепке алынған білім алушы - 0, сәтсіз отбасы-0.

2022-2023 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 11, балалары – 28, толық емес отбасы саны -2, оның ішінде әкесі қайтыс болған – 2, анасы қайтыс болған – 0, аз қамтылған отбасы – 0, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 0, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 0, өгей әкемен бірге тұратын – 0, өгей анамен бірге тұратын -0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 0, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, мүгедек оқушы – 1, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар - 0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0.

2023-2024 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны –12 , балалары – 25, толық емес отбасы саны - 4, балалары – 5, әкесі қайтыс болған – 5, толық отбасы- 43, жетім бала-0, арнайы санаттағы білім алушы-0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 0, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, мүгедек бала-0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0.

2021-2022 оқу жылының басында «Мектепке жол» республикалық акциясында жалпы сомасы 21350 (жиырма бір мың үш жүз елу) теңгеге көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балаарына көмек берілді. Мектебіміздің ұстазы А.Байниязова демеушілік жасап, аз қамтылған оқушы Б.Нұрсахиеваға 11150 (он бір мың бір жүз елу) теңге көлемінде көмек берді. Көп балалы 3 отбасы балаларына, толық емес 1 отбасы баласына мектепте жұмыс жасап жүрген мектеп түлектері М.Утегенова мен В.Ибрашева 10200 (он мың екі жүз) теңге көлемінде оқу құралдармен қамтамасыз етті.

2022-2023 оқу жылының басында Елек негізгі орта мектебінің ұжымы «Мектепке жол» республикалық акциясының аясында көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасынан 11 балаға 85000 (сексен бес мың) теңгеге материалдық көмек көрсетті. Оның ішінде көп балалы отбасы 9 балаға 61500 (алпыс бір мың бес жүз) теңге көлемінде, аз қамтылған, толық емес отбасы 2 балаға – 23350 (жиырма үш мың үш жүз елу) теңгеге оқу құралдары, оқу сөмкелері, спорттық аяқ киімдер алып берілді. Қамқоршылық кеңестің мүшелері Нұржамал Амангелдіқызы және Алмагуль Шунукова 1 маусым - Балаларды қорғау күніне орай мерекелік шараға қатысқан балаларға шоколадтар мен тәтті балмұздақтар таратты.

2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» республикалық акциясында Ақкемер ауылдық округі мешітінің бас имамы А.Б.Зайтов жалпы сомасы 50 000 (елу мың) теңге, мектебіміздің көп балалы және толық емес отбасы балаларына 25000 (жиырма бес мың) теңгеден көмек берді.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2021– 2022 оқу жылы бойынша сынып жетекшісі - 11, 2021-2022 оқу жылы бойынша -12 сынып жетекшісі, 2023-2024 оқу жылы бойынша - 11 сынып жетекшісі тағайындалған. 2021 жылдың 1 қыркүйегінде мектеп директорының № бұйрығына сәйкес сыныптарғы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін 11 сынып жетекшілер тағайындалған. 2021-2022 оқу жылында аудандық «Үздік сынып жетекшісі» атты сынып жетекшілер байқауына бір сынып жетекшісін Идрисова Әлия Маратқызы қатысып, «Мен үздік класс жетекшімін» номинациясына ие болды.

2022-2023 оқу жылында Мұғалжар аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Тәрбиелі ұрпақ – ұлт болашағы, дарындылық – даналық кілті» тақырыбындағы семинарға сынып жетекшілер Л.Бисембаева, А.Тасқынбаева, А.Байниязова, А.Шатаева, В.Ибрашева қатысқан. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Қазіргі заман жағдайында жасөспірімдерге ұлттық тәрбие беру: дәстүр және жаңашылдық» тақырыбында облыстық семинарға Д.Досмуханова, Л.Бисембаева, Г.Бекимова қатысып, сертификатқа ие болған.

2023-2024 оқу жылында сынып жетекшісі А.Шатаева сынып жетекшілерге арналған «Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 80 сағаттық біліктілік арттыру курсына оқып келді.

2023 жылдың 01 қыркүйектегі мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» №-33н/қ бұйрығы негізінде класс жетекшілер, 2023 жылдың 1 қыркүйектегі мектеп директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» №33/17-н/қ бұйрығы негізінде сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі болып Г.А.Жумабаева тағайындалған.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған. 2022 жылдың 28 қаңтар күні Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырған «Ата-аналармен атқарылатын жұмыстың тиімді әдістері мен формалары» тақырыбында онлайн форматта ұйымдастырылған облыстық семинарға 3-сынып жетекшісі, 16 ақпан күні өткен облыстық «Класс жетекшілердің қызметін ұйымдастырудағы заманауи әдістері» онлайн семинарға 16-сынып жетекшісі қатыстырылған.

### Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2021-2022 оқу жылы	11	9	2
2022-2023 оқу жылы	12	9	3
2023-2024 оқу жылы	11	9	2

### Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	педагог
2021-2022	3	0	4	4
2022-2023	2	1	3	6
2023-2024	2	2	4	3

**білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;**

2021-2022, 2022 – 2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты *«Дені сау ұлттық сана сезімі оянган, рухани ойлау дәрежесі жоғары мәдениетті, парасатты, ар-ұяты мол, еңбеккер, іскер, бойында басқа да адамгершілік қасиеттер қалыптасқан адамдарды тәрбиелеу».*

2023-2024 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты *«Рухани зерделік жағынан дамыған өз тарихын, мәдениетін қастерлей білетін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы азаматты тәрбиелеу».*

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбие жұмысының негізгі үш құндылығы бойынша тәрбиелік жобалар жүзеге асырылған.

**«Ұшқыр ой алаңы» жобасы** зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Мектепте "ОЙДАРИЯ" дебат клубы құрылып, аудандық облыстық сайыстарға қатысып жүр. Жетекшісі А.А.Шатаева. Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2021-2022 оқу жылында "Ойдария" дебат клубының мүшелерімен "АПФ: Қашықтықтан оқытудың пайдасы мен зияны", "Ғаламтордың пайдасы мен зияны", «Пара берумен қалай күресуге болады?» тақырыптарында мектепішілік дебат ойындары өткізілген. Дебат клубының мүшелері арасында Қазақстан республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығына «Диалог жүргізу мәдениеті» тақырыбында мектепішілік семинар өткізілді. 2021 жылы аудандық «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» атты пікірсайыс турнирінде белсенділік танытқаны үшін Тобаниязова Жанат, Тұралы Әділ дипломмен марапатталды. 1-желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекелеріне арналған мектеп оқушыларының арасындағы аудандық дебат турнирде Тұралы Әділ мен Абилгазина Томирис алғыс хатқа ие болған және «Үздік ойыншы» номинациясы бойынша марапатталған. 2022-2023 оқу жылында мектепте "ОЙДАРИЯ" дебат клубының мүшелері құрылып, жоспары жасалып, бекітілген. Дебат аудандық пікірсайыстарға қатысып жүр. «Өлеуметтік желіде отырып жастар не ұтады?», «Жастардың бойынша патриотизмді арнайы тәрбиелеу қажет пе? Алда тұрудың үш артықшылығы», «Болашақ мамандық туралы мектеп табалдырығынан бастап ойлау керек», «Жастардың сөз мәдениеті. Сөздің шұбары тілдің құнарын бұзады» тақырыптарында мектепішілік пікірсайыстар және «Ең үздік көшбасшы!» дебат мүшелері арасында пікірсайыс өткізілген. «Ұшқыр ой алаңы» мәдени-білім беру

жобасы аясында «Ел болашағы жастардың қолында» атты 8-9 сынып оқушылары арасында аудандық пікірсайыста «Ойдария» фракциясы «Үздік делегация» номинациясымен марапатталды.

2023-2024 оқу жылында жоспарға сәйкес Тілдер күніне орай «Тіл тағдыры – ел тағдыры» атты тақырыпта пікіралмасу өткізіліп, екі топта тартысты ойын көрсетті. 25 қазан Республика күні мерекесіне орай «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» мектепшілік турнир, «Қатігездік және зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық акциясы аясында «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектепшілік пікірсайыс, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай Алаш қозғалысының қайраткері, ақын М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына байланысты мектепшілік турнир өткізілді. Оқушыларға ғаламтордың пайдасы мен зияны және кітап туралы мағлұмат бере отырып, жақсысын үйреніп, жаманынан жиренуге үйрету, ой-өрісін дамыту мақсатында «Кітап оқыған тиімді ме, әлде ғаламтор ма?» пікірсайыс, «Ұлтымыз Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайды», «Сөз өнері қазына», «Мемлекеттік рәміздер - ұлттың мақтанышы», «Ғаламтор кітапты алмастыра алмайды», «Балаға мамандықты ата-ананың таңдауы дұрыс па?» тақырыптарында мектепшілік дебат ойындары өткізілді.

8-сынып оқушылары Кәдірбек Аяулым және Кереев Сапарали «Жаңа Қазақстан – Екінші Республика: Жастар жарқын өмірді қалайды» тақырыбындағы аудандық турнирге қатысып, мақтау қағазымен марапатталды.

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы** аясында мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, букросинг-кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды. 2021-2022 оқу жылы бойынша Алғыс айту күніне орай дәстүрлі «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, кітапхана қоры балалар әдебиеті кітаптары, "Шығыстың ұлылары" топтамасындағы кітаптар, әлем әдебиеті шығармаларымен толықтырылды. Барлық сыныптарда «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша бұрышы жабдықталған. «Оқуға құштар мектеп» жобасының қорытындысы бойынша «Үздік оқырман» номинация иегерлері, «Үздік сынып» марапатталған. «Сүйікті кітабыммен сельфи», «Отбасыммен кітап оқимын» атты акциялары өткізілген. 2021-2022 оқу жылы бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шараларға ата-аналар аз қатыстырылған.

2022-2023 оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» жобасынның жоспары құрылып, жоспар бойынша балалар мен жастардың оқуға құштар құзыреттіліктерін дамыту мақсатында жұмыстар жүргізілді: «Ең оқырман отбасы» ата-аналармен кездесу. «Кітап мекені кітапхана» кітапханаға саяхат шаралары ұйымдастырылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі К.М.Шакиеваның ұйымдастыруымен 7-класс оқушыларына А.Құнанбайұлының жақұт өлеңдері мен ғибратқа толы қара сөздерін оқып, білуге шақыру. Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту мақсатында «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе» атты оқу сабағы өткізілді. Әр апта сайын оқушыларға сынып жетекшімен бірге мектеп кітапханасында «Кітап оқу сағаты» ұйымдастырылды. Тәуелсіздік күні мерекесіне орай оқушыларға тәуелсіздікке жету жолындағы тарихи оқиғаларды насихаттай отырып, өткен күннен өнеге алуға, өз тарихын құрметтеп, қадір тұтуға тәрбиелеу мақсатында «Тарих сыр шертеді» атты тарихи кітаптар көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға кітаптардан мағлұматтар берілді. Оқуға құштар жобасы аясында каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында сынып жетекшілері оқушыларына көркем әдебиеттер табыстады. «Қысқы каникулда кітап оқимыз!», «Ең оқырман отбасы» акциясы өткізілді. Оқушылар қысқы демалыс кезінде отбасымен бірге кітап оқып, демалыстарын тиімді өткізді. Әжелерінің оқып берген ертегілерін мектепке келгенде бөлісті. Нәтижесінде «Ең оқырман отбасы» номинациясын Мұстафиндер отбасы иеленді. Мектебімізде оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Кітап оқуға шақырамыз!» акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында оқушылар оқыған көркем әдебиеттерімен бөлісті. 8-класс оқушысы Д.Абдулғазис Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» атты кітабын оқып, талдап, оқушылармен бөлісіп, кітап оқуға шақырды. «Кітап оқып, биікке самға!» мектепшілік кітап

оқу байқауы жыл бойы өткізіліп, үздік оқырман, үздік оқырман класс, үздік оқырман ата-аналар Алғыс хаттармен марапатталған.

2023-2024 оқу жылында кіші буын оқушыларының көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен «Бәріміз кітап оқимыз!» атты оқушылармен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушылар кітапхана қорына жаңадан қосылған «Абай жолы» романымен таныстырылды. Мектептің инстаграм желісінде «Каникулда кітап оқиық» букросингі ұйымдастырылды.

**«Тоғыз айға, тоғыз іс-шара» жобасы** аясында мектебімізде төмендегідей іс-шаралар өткізілді. Білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимні мектебімізде әр дүйсенбі күні орындалады. Шаршаудың алдын-алу, ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру, дене бітімі бұзылуының алдын алу мақсатында 1-9 сынып оқушыларына «Сергіту сәті» челленджі, ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу мақсатында «Алтын сақа» республикалық челленджі ұйымдастырылып, «Бес табан», «Бес асық» ұлттық ойындары ойнатылды. Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойған жоспарлары мен болашағы туралы «Шығарма жазу: Болашаққа хат» тақырыбында шығарма жазу ұйымдастырылды. Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту мақсатында «Сүйікті кітабым» көрмесі ұйымдастырылды. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу мақсатында 5-9 сынып оқушылары арасында «Жасыл мекен» челленджі ұйымдастырылып, бөлме гүлдеріне, мектеп ауласындағы ағаштарға күтім жасалды.

**«Төрт тоқсан, төрт өнер» жобасы** аясында «Сергіту сәті» челленджі, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау мақсатында «Ұлттық өнер көрмесі» ұйымдастырылды. Оқушылар балаларға өзінің жанұясын, оның бірлігі мен татулығын, жақын адамдардың қарым-қатынасын көркем өнер құралдары арқылы көрсетуге мүмкіндік беру. Сонымен қатар оқушылар ананың отбасындағы рөлі, бала тәрбиесі, ата-ана беделі туралы түсініктер қалыптастыру мақсатында отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында видеороликтер дайындады.

**«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы** аясында 1-6 сыныптар арасында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақырыбында ұлттық ойындардан шара өткізілді. Спорттық ойындар күні спорттық акциясы аясында 1-9 сыныптар арасында «Волейбол» ойыны, «Футбол» ойыны, «Дойбы» ойыны, «Асық ату» ойындары үнемі ұйымдастырылады.

**«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы** аясында «Интернеттің пайдасы мен зияны» пікірсайыс, «Интернет менің өмірімде» тақырыбында 7-8 сыныптар арасында эссе байқауы өткізілді. Теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord –та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**«Балалар және театр» жобасы** аясында 2021-2022 оқу жылында аудандық "Әбіш оқулары" байқауында 9 сынып оқушылары «Ханша Дария» шығармасынан сахналық қойылым қойып, II орын иеленді. 7-сынып оқушылары аудандық байқауда А.Байтұрсыновтың шығармасынан қойылым қойып, мақтау қағазымен марапатталды. 2022-2023 оқу жылы «Театр – тәрбие бесігі» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында мектепшілік «Ертегілер әлемінде» ертегілерден үзінді қойылымдар байқауы, «Театр балалар көзімен» тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Жетістіктер: Аудандық "Әбіш оқулары" сахналық қойылымы бойынша 8-9 сынып оқушылары аймақтық кезең I орын, аудандық кезең II орын иеленді. Аудандық байқауда М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзіндіден қойылым қойылып, мақтау қағазымен марапатталды. 4-сынып оқушылары аудандық байқауда А.Байтұрсыновтың «Өгіз бен бақа» мысалынан қойылым көрсетіп, III орынды иеленді.

**«Еңбегі адал жас өрен» бағыты** бойынша 2023-2024 оқу жылында «Адам әдептілігімен әдемі» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, оқушылар адам бойындағы жақсы қасиеттер адамгершілік, әдептілік, әдемілік туралы пікірлесіп, ой бөлісті. Қарттар

күніне орай 6-9 сынып оқушылары қарттарымызды құттықтап, жылы лебіздерін білдірген. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, әрдайым көмек қолын соза білетін жанашыр, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу мақсатында мектептің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері ардагер ұстаздармыздың ауласын қардан тазалап, өз көмектерін ұсынды. 5-9 сынып оқушылары арасында игі шара қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылып, оқушылар өз қолдарынан дайындаған тағамдарын сатты. Жәрмеңкеден түскен қаражатқа қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру мақсат етілді. Ұйымдастырылған бір күндік қайырымдылық акциясына мектеп ұжымы да атсалысты.

**«Ата-аналарды қолдау орталығы» даналық мектебі жобасы** аясында мектебімізде «Сырғалым» аналар клубы, «Ұлағат» әкелер клубы жұмыс жасайды. Жоспары құрылып, бекітілді. 7-9 сынып қыз балаларына аналары түрлі тағам жасауды үйрету мақсатында «Аспаздық өнер» шебер класы ұйымдастырылды. Педагогикалық қолдау, ата-ана, оқушы, мұғалім үштігінің ынтымақтастықта жұмыс жасауын дамыту мақсатында 1-6 сыныптардың ата-ана, оқушы, сынып жетекшісінен құралған топтар арасында «Толағай» спорттық жарысы болып өтті. Сынып жетекшілер ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру сабақтарын өткізді. 1-4 сынып жетекшілері «Отбасы – бақы бесігі» ата-ана өмірнің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу тақырыбында Г.Мұстафина, «Білімдіге дүние жарық» Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз? тақырыбында С.Жумағалиева, «Әрбір бала – жарық жұлдыз» Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз? тақырыбында Н.Ефимова, 5-9 сынып жетекшілері «Баланың бас ұстазы – ата-ана» Позитивті тәрбие тақырыбында А.Байниязова, «Ақыл айтса, жол көрсет» Жасөспірімнің бейімделуі тақырыбында К.Шакиева, «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер» Бала жүрегіне жол табы тақырыбында Н.Ермағамбетов, «Әр нәрсенің өлшемі бар...» Қажеттілік пен қалай арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады тақырыбында Л.Бисембаева ата-аналарға танымдық сабақтар өткізді.

**«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** аясында 1-4 сынып оқушыларына «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында сынып сағаттар, 25 қазан Республика күні мерекесіне орай іс-шаралар өткізілді. Тарих апталығы кезінде тарих пен тілді тереңінен ұғындыру, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу, болашақ жастардың қолында екенін оқушыларға сіңіру мақсатында «Тарих пен тіл тамырлас» тақырыбында 5-9 сынып сағаттары өтті, 16 желтоқсан «Тәуелсіздік күніне» орай «Тәуелсіздікке 32 жыл» тақырыбында өткен іс-шарада оқушылар 1986 жылғы көтерілістің шығу себептерін білу арылы, көтеріліске қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткізгенімізді мақтанышпен айтып, 1 минут үнсіздікпен еске алып, тағзым етті. «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын» тақырыбында оқушылар шағын эссе жазып, ойларын ашық жеткізе білді. 1-наурыз алғыс айту күніне орай оқушылар «Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту» оқушылар мұғалімдерге көңіл сыйлау үшін, алғыс айту күнімен құттықтау, 6-7 сынып оқушылары «Шын жүректен, мың алғыс!» челленджін ұйымдастырды. Оқушыларға Балалар мен ересектерге қоғамда кездесіп отырған балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің зияны мен салдары туралы түсінік беру, талқылау мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында 9-сыныпта «Бала зорлығы – қоғам қасіреті» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында отбасындағы зорлық-зомбылығы болдырмау туралы бейнеролик көрсетіліп, түсінік берілді. Оқушылар бейнероликтен түйгендерін сурет салу арқылы жеткізді. Мектеп парламенті, құқық және тәртіп фракциясының ұйымдастыруымен «Парақорлық – дерт, күресу міндеті» тақырыбында «Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» челленджі ұйымдастырылды.

***Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:***

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте *азаматтық-патриоттық, ұлттық- спорттық үйірмелер* жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі



жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған. Мектептен тыс үйірме, секциялар жоқ.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны	%
2021-2022	57	86,3%	0	
2022-2023	64	92,7%	0	
2023-2024	59	100%	0	

**2021-2022 оқу жылы** бойынша оқушыларды шығармашылық ізденімпаздыққа баулу, қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында «Шахмат-дойбы» үйірмесі, дене бітімі мықты, физикалық тұрғыдан дені сау, салауатты, рухы биік, ел қорғаны болар азаматтарды тәрбиелеу мақсатында «Волейбол», «Футбол», «Теннис» мектепшілік ақылы, ақысыз үйірмелері өткізілген:

1. Қайырбаев Н.Қ. – «Волейбол» (ақылы)
2. Сәдуақасов М.Қ. - «Футбол» (ақысыз)
3. Сәдуақасов М.Қ. - «Шахмат -дойбы» (ақысыз)
4. Қайырбаев Н.Қ.– «Теннис» (ақысыз)

Үйірмелерге оқушылардың қатысымы: волейбол -18 бала, теннис – 12 бала, шахмат-дойбы – 13 бала, футбол -14 бала қатысқан. Мектепте білім алушыларының қосымша білім берумен қамтылуы -86,3%.

**2022-2023 оқу жылы** бойынша оқушыларды шығармашылық ізденімпаздыққа баулу, қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында «Шахмат-дойбы» үйірмесі, дене бітімі мықты, физикалық тұрғыдан дені сау, салауатты, рухы биік, ел қорғаны болар азаматтарды тәрбиелеу мақсатында «Волейбол», «Футбол», «Күрес», «Теннис» мектепшілік ақылы, ақысыз үйірмелері өткізілген:

1. Қайырбаев Н.Қ. – «Волейбол» (ақылы)
2. Сәдуақасов М.Қ. - «Футбол» (ақысыз)
3. Қайырбаев Н.Қ.– «Күрес» (ақысыз)
4. Жақсылықов М.А. – «Теннис» (ақысыз)
5. Сәдуақасов М.Қ. - «Шахмат –дойбы» (ақысыз)

Үйірмелерге оқушылардың қатысымы: волейбол -21 бала, теннис – 15 бала, шахмат-дойбы – 10 бала, футбол -10 бала, күрес – 8 бала қатысқан. Мектепте білім алушыларының қосымша білім берумен қамтылуы -92,7%.

**2023-2024 оқу жылы** бойынша оқушыларды шығармашылық ізденімпаздыққа баулу, қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында «Дойбы» үйірмесі, дене бітімі мықты, физикалық тұрғыдан дені сау, салауатты, рухы биік, ел қорғаны болар азаматтарды тәрбиелеу мақсатында «Волейбол», «Футбол», «Теннис» үйірмелері, оқушылардың ойлау қабілетін, санасын, назарын, шығармашылық қиялын, байқағыштығын ой желісінің дәл де алыстан болжау қасиетін дамыту мақсатында «Тоғызқұмалақ» үйірмесі, ұлттық асық ойынын жандандырып, жоғары деңгейде оқушылардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын қалыптастыру мақсатында «Бес асық» мектепшілік ақылы, ақысыз үйірмелері өткізілген:

1. Қайырбаев Н.Қ. – «Волейбол» (ақылы)
2. Сәдуақасов М.Қ. – «Футбол», «Дойбы» (ақысыз)
3. Қайырбаев Н.Қ – «Теннис» (ақысыз)
4. Сәдуақасов М.Қ. – «Дойбы» (ақысыз)
5. Байғазы А.А. – «Тоғызқұмалақ» (ақысыз)
6. Кәлменова А.Е. – «Бес асық» (ақысыз)

Үйірмелерге оқушылардың қатысымы: волейбол -12 бала, теннис – 9 бала, дойбы – 18 бала, футбол -7 бала, тоғызқұмалақ – 5, бес асық – 8 бала қатысқан. Мектепте білім алушыларының қосымша білім берумен қамтылуы -100%.

### **2021-2023 оқу жылы:**

#### ***Инклюзивтік білім беру туралы:***

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14 тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес 1 оқушыға инклюзивті білім берілген. Білім алушының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасы бойынша білім алуы қамтамасыз етілген.

**2021-2022 оқу жылында** инклюзив (мүгедек) 1 білім алушы білім алған.

1. Яцко Надежда 8 б сынып ПМПК №8012 13.02.2020ж

**2022-2023 оқу жылында** инклю 1 білім алушы білім алған.

1. Яцко Надежда 9 б сынып ПМПК №8012 13.02.2020ж

Яцко Надежда 8-сынып оқушысы 02.10.2007 жылы туылған, инклюзивті мүгедегі бар оқушы, бірақ мектепте жалпы білім беру бағдарламасы бойынша білім алды. Себебі ақыл-есі дұрыс, ауытқушылық жоқ, тек аяғының мүгедектігі бар (диагнозы: Артрогриппоз нижних конечностей. Врожденный вывих бедра справа).

#### ***ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;***

Зерделеу нәтижесі бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

**2021-2022 оқу жылы бойынша** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182) «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарның және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық);

Елек негізгі орта мектебінің вариативтік компоненттің таңдау бөлімінен 2-4 кластарының білім алушыларына: компоненттен дамыту, танымдық қызығушылықтарын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту мақсатында «Математикалық логика» курсы аптасына 1 сағаттан 2 «А» сыныбында жүргізілген, оқушыларға шешендік өнер туралы мағлұматтарын тереңдетіп, оның жан-жақты тарихи екенін дамыту, танымдық ой өрісін кеңейту мақсатында «Шешендік өнер» курсы аптасына 1 сағаттан 3«А» сыныбында жүргізілген, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, функционалдық қасиеттерін, логикалық ойлауды қалыптастыру мақсатында «Қызықты математика» курсы аптасына 1 сағаттан 4 «А» сыныбында оқытылған.

Оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі элективті курстар есебінен 5-9 сыныптар аралығында: 5«А» сыныбында оқушылардың бойларына жалпы азаматтық құндылықтарды сіңіре отырып, рухани адамгершілігі мол азамат пен азаматшалар тәрбиелеу мақсатында «Парасаттылық және әдеп» 1 сағаттан жүргізілген. 6 «А», 6 «Б» сыныптарында қоршаған мен табиғат, жергілікті жердің экологиясы мен өсімдіктерін, жануарларын, Қазақстанда қалыптасып отырған экологиялық жағдайлар мен оларды шешудің оңтайлы жолдарын жан-жақты қарастыру негізінде ұрпаққа үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мақсатында

«Экология» курсы 1 сағаттан оқытылған. 7«А», 7«Б» сыныптарында білім алушылардың дүниетанымында қоршаған әлемге, адамдарға, позитивті эмоционалды құндылық қатынасын, сыни ойлаудың базалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» курсы 1 сағаттан жүргізілді. 8 «А», 8 «Б» сыныптарында оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйрету мақсатында «Медиасауаттылық» аптасына 1 сағаттан оқытылды. 8 «Б» сыныбында 2 оқушы болаған, оның ішінде 1 оқушы инклюзивті. бір оқушының басқа мектепке кетуіне байланысты, осы аталған вариатив 2 тоқсаннан бастап жүргізілген жоқ. 9«А», 9«Б» сыныптарында оқушылардың діни көзқарасын арттыру. Дінге толерантты пікір қалыптастыру мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

**5-9 сыныптар арасында элективті курстар есебінен** 5«А» сыныбында оқушылардың математикаға деген қызығушылықтарын арттыру және математика сабақтарында танымдық икемділіктерін қалыптастыруға ықпал ету мақсатында «Математика ғажайыптары» 1 сағат, 6 «А» сыныбында ұлттық өлшемдерді жастарға таныту, олардың функционалды сауттылығын арттыру мақсатында «Математикалық өлшемдер» 1 сағат, 7 «А» сыныбында оқушылардың математикалық сауттылығын нығайту арқылы құзіреттілік деңгейлерін көтеру мақсатында «Математикалық сауаттылық – заман талабы» 1 сағат, 8 «А» сыныбында оқушыларды ойлау еңбегіне дағдыландыру, ізденіске жетелеу, жазбаша көркем тілін дамыту, олардың қабілет дарынына әсер ету, шығармашылық жұмыстарға баулу мақсатында «Сөз сыры» 1 сағат, 9 «А» сыныбында ұлы ақын шығармаларын тереңде жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиет өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру мақсатында «Абайтану» курсы 1 сағат жүргізілді.

**2022-2023 оқу жылында** «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарның және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен);

Вариативтік компоненттің таңдау бөлімінен оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетінің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізілген.

**1-4 сыныптарда:** 1«А» сыныбында вариатив компоненттен, баланың тұлғалық қасиеттерін ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру, зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу мақсатында «Сиқырлы сандар» аптасына 1 сағаттан, 2-3 сыныптарында математика пәнінен білім алушылардың функционалды сауттылықтарын дамыту, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру үшін «Жас математик» курсы 1 сағаттан жүргізілген. **4«А» сыныбында** математиканың әлемдегі ролін анықтау және түсіну, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, өзін –өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуді қалыптастыру мақсатында «Математикалық сауаттылық» аптасына 1 сағаттан оқытылған.

**5-9 сыныптарында** жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Жаһандық құзыреттілік» курсы жүргізілді. Аталған курс 5-8 сыныптарда 0,5 сағат, 9 сыныптарда 1 сағаттан оқытылды.

**2023-2024 оқу жылында** «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстарның және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022ж.№467, 05.07.2023ж.№199 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен); Вариативтік компоненттің таңдау бөлімінен оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетінің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізіледі.

*1-4 сыныптарда:* 1-3 сыныптарында вариатив компоненттен: баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру мақсатында «Математика және логика» аптасына 1 сағаттан, 2 «А» сыныбында оқушыларға математикалық білім, білік дағдыларын игерту, шығармашылық қабілеттерін арттыру, зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу. Логикалық ойларын дамыту, шапшаң есептеуге үйрету мақсатында «Математика және логика» курсы 1 сағат және оқушылардың өз тілінде сауатты сөйлеп, елінің мәртебесін асқақтататын азамат болып өсуіне мүмкіндік беру мақсатында «Тіл мәдениеті» 1 сағаттан жүргізіледі. 2«Б» сыныбында баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру мақсатында «Математика және логика» аптасына 1 сағат өткізілді. 2 «Б» сыныбындағы бір оқушы оқыды. Қоныс аударуына байланысты 2 тоқсанның басқа мектепке ауысты. Сол себепті 2 тоқсанда 2«Б» сыныбы жабылды. 4«А» сыныбында математиканың әлемдегі ролін анықтау және түсіну, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, өзін –өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуді қалыптастыру мақсатында «Математикалық сауаттылық» аптасына 1 сағаттан оқытылады.

*5-9 сыныптарында* жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Жаһандық құзыреттілік» курсы жүргізілді. Аталған курс 5-8 сыныптарда 0,5 сағат, 9 сыныптарда 1 сағаттан оқытылады.

#### ***«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы оқу;***

**Зерделеу барысында:** 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері Жумағалиева С.О., Жумабаева Г.А., Мұстафина Г.Н., Коскулова А.С. іске асырады.

3-қосымша 4- тарау 56-тармақшасы "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімдері Н.Қ.Қайырбаев, М.А.Жақсылықов оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Елек негізгі орта мектебі бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсы жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат, 5-9 сыныптарда 15 сағат өткізіледі.

#### ***«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру.***

